bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2022

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Аңызбен өрілген көркем сөз. (М.Мағауиннің «Шақан – шері» романы бойынша)

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 08.06.2022 | https://bilimger.kz/122611/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Пән: Қазақ әдебиеті** | **Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі, Көкшетау қаласы** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Ибраева Гульмайра Ескендировна** | |
| **Курс: 1 курс<br>(10 сынып)** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Бөлім** | ІІІ бөлім. Аңызбен өрілген көркем сөз | |
| **Сабақтың тақырыбы** | М.Мағауин «Шақан – шері» романы. Бастау | |
| **Оқу мақсаты** | 10.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік — композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну.<br>10.1.3.1 — көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін эпизодтар арқылы жинақтау мен даралау.<br>10.2.1.1 — әдеби шығарманың композициясын<br>уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Білім алушылардың барлығы:** Әдеби шығарманың сюжеттік — композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын түсінеді. Романдағы негізгі кейіпкер Шақан-шерінің бейнесін жинақтап  ашады.<br>**Білім алушылардың басым бөлігі:** Шақанның шері аталуының себебін  талдайды, анықтайды.<br>**Білім алушылардың кейбірі:** Шығарманы  уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап қазіргі заманмен байланыстырады. Табиғат пен адам байланысын саралайды. | |
| **Бағалау критерийі** | Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды;<br>Идеялық мазмұнын  түсінеді;<br>Кейіпкер бейнесін берілген эпизодтар арқылы ашады;<br>Шығарманы қазіргі заманмен байланыстырады;<br>Табиғат пен адам байланысын саралайды.<br>(Түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация) | |
| **Құндылықтар** | Топта, жұпта жұмыс жасай білу; өз білімін жетілдіріп отыру;<br>Адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатқа қиянат жасамау; адамзаттың табиғатты аялауы. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Пән лексикасы және терминология:  тоталитарлық режим құрбаны, экология, «шері» сөзінің мағынасы.<br>Мәтін талдау барысында қолданылатын тіркестер:<br>Менің ойымша….; себебі……; Оны мен былай дәлелдеймін….. Қорыта келе,…… | |
| **Алдыңғы білім** | М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесімен таныс | |

**Жоспар**

| Уақыт | Жоспарланған жұмыс түрлері | Дереккөздер |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін оқушылармен бірге талқылау.**<br>**Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл»**<br><u>Эпиграф</u><br>-«Табиғатқа бүгінгі жасаған қиянат – адамзаттың ертеңгі болашағына жасалған қастандық» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіздер? | |

**Сабақтың ортасы**

**Мағынаны тану (Топтық жұмыс)**

**1-тапсырма. ТЖ**
Талқылау сұрақтарына жауап бере отырып, «Шақан шері» романының сюжеттік құрылысына талдау жасаңыздар.

| | |
|---|---|
| 1.Оқиғаның басталуы | Оқиға қалай басталады? |
| 2.Оқиғаның дамуы | Шығармада оқиғаның дамуы қалай көрінеді? |
| 3.Оқиғаның байланысуы | Шақанның басынан қандай жағдай өтті? |
| 4.Оқиғаның шиеленісуі | Шақанның иен далаға қоныс аударуының себебі? |
| 5.Оқиғаның шарықтау шегі | Шақанның шері аталуының себебі неде? |
| 6.Оқиғаның шешімі | «Шақанның апаты – ел апаты» дегенді қалай түсінесіз? |

| Бағалау критерийі | Дескриптор | балл |
|---|---|---|
| Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды; | жетелеуші сұрақтарға жауап береді | 1 |
| | үлгі бойынша талдайды. | 1 |

**2-тапсырма.(Жұптық жұмыс)**
Шығарма сюжетіндегі адамға өздігінен тиіспейтін жыртқыштың адамға шабуыл жасауының сыры неде?

| Бағалау критерийі | Дескриптор | балл |
|---|---|---|
| Идеялық мазмұнын түсінеді | сұрақ төңірегінде ойланады | 1 |
| | ойын жинақтап жауап береді | 1 |

**3-тапсырма.(Жеке жұмыс)**
Негізгі кейіпкердің ақтық сөзі бейнеленген эпизодты анықтап, Шақан-шері бейнесін ашыңыздар.
*«Мен өлгем. Мен алдымен баламды, содан соң әйелімді өз қолыммен ажалға бергемін. Көз алдымда жегіздім. Өзім жедім. Содан соң өлдім. Міне, қаралы үй алдында қызыл қаны ақтарылып, басы бір бөлек, аяғы бір бөлек, арыстай созылып жатқан мен! Шапырашты Шақан! Ал мына мен – түрегеп тұрған, жаны жоқ, сүлдері бар, аты жоқ, аруағы бар – Шақан емес, тарғыл жолбарыс, ендеше менің атым – Шері...».*

| Бағалау критерийі | Дескриптор | балл |
|---|---|---|
| Кейіпкерді бейнелейтін эпизодты анықтайды, бейнесін ашады; | кейіпкер портретін суреттейді | 1 |
| | мінездеме береді | 1 |

**Қорытынды:**
«Табиғатқа бүгінгі жасаған қиянат – адамзаттың ертеңгі болашағына жасалған қастандық» деген сабағымыздың басындағы эпиграфты қазіргі заманмен байланыстыра қорытындылаңыздар.

| Бағалау критерийі | Дескриптор | балл |
|---|---|---|
| Шығарманы қазіргі заманмен байланыстырады; | пікірлерін айтады | 1 |
| Табиғат пен адам байланысын саралайды. | салыстыра отыра өз көзқарастарын білдіреді | 1 |

https://www.youtube.com/watch?v=SfzwxeimXGM»
М.Мағауин «Шақан – шері» романы. Бастау бейнематериал

**Қалыптастырушы бағалау.**
Өзін-өзі бағалау

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс**<br><br>**«3-2-1»**<br>Сабақтан алған **3** маңызды ақпарат<br>Қиындық тудырған **2** мәселе<br>Сабақ барысында ұнаған **1** іс-әрекет | |
| **Үй тапсырмасы:** | Адам мен табиғаттың байланысын анықтау мақсатында **«Шақан- шері мен Жолбарысты не байланыстырады?»** тақырыбына графикалық органайзер құрастыру | |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау –** «1 минуттағы ой» стратегиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін саралаймын. Шығарманы толық меңгерген бала тақырыпқа сәйкес өз ойын жазып, жеке жұмыс жасайды | **Бағалау –** Кері байланыс жасау арқылы | **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы.<br>**АКТ-мен байланыс:** https://www.youtube.com/watch?v=SfzwxeimXGM» М.Мағауин «Шақан – шері» романы. Бастау бейнематериал<br><br>**Құндылықтармен байланыс:** білім беру, денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.